

**Абдурахманов Н.А.<sup>1</sup>, Шекербекова Қ.М.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>e-mail: nurmuhameda@mail.ru <sup>2</sup>e-mail: shekerbekova@mail.ru  
Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті, Қазақстан, Шымкент қ.

## **ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ АСПЕКТІЛЕР**

Халқымыздың талайлы тарихында артында өшпейтіндей із қалдырған бітімі бөлек биік тұлғалар аз болмаған. Жүсіпбек Аймауытұлы да солардың қатарындағы абзал жан. Жазушы, ағартушы һәм ғалым. Жалпы Жүсіпбек мұрасын қарастырғанда оның ағартушылық қызметін саяси қайраткерлігінен бөле-жаруға әсте болмайды деген ойдамыз. Өйткені ол бар болмысымен ұстаз адам, саналы ғұмырын қазақ педагогикасының қалыптасып дамуына басыбүтін арнаған біртуар азамат. Ал Жүсіпбектің өмірі мен қызметі, есімі мен еңбегі кешегі күнге дейін елеусіз қалғанымен, тәуелсіздіктің ширек ғасырында бұл олқылықтың орны біртіндеп толып келеді, яғни Ж. Аймауытұлының өмірін жан-жақты зерттеу қазіргі заманда өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. Қарастырылып отырған мақаламыздың негізгі мақсаты кеңестік кезеңдегі шығармашыл интеллигенцияның жарқын өкілдерінің бірі болған Жүсіпбектей жампоздың тек ағартушылық қызметіне, осы бағыттағы еңбектеріне ғана хал-қадерімізше сараптама беру. Өйткені бұл салада әлі де бізге беймәлім, тыңғылықты іздену мен ерекше еңбекті, аса мұқияттылықты қажет ететін іс көп. Қалай дегенде де біз бүгінде қысқа ғұмырлы қайраткердің алуан қыры толық ашылып бітті деген байламға бара алмаймыз. Қойылған мақсатқа жету барысында тарихилық әдіске басымдылық берілді. Сонымен қатар, Ж. Аймауытұлының ағартушылық еңбектерін баға беру үшін салыстыру, индукция және сараптау әдістері пайдаланылса, зерттеудің тұжырымын жасауда автор жалпы тарихи-тұлғалық әдіске жүгінді.

**Түйін сөздер:** Жүсіпбек Аймауытұлы, ағартушы, жазушы, ғалым, саяси қайраткер, ұлт, ағартушылық, кеңестік интеллигенция, қоғамдық-саяси қызмет, рухани сенім, шығармашылық еңбек, Түркістан өлкесі.

**Abdurakhmanov N.A.<sup>1</sup>, Shekerbekova K.M.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>e-mail: nurmuhameda@mail.ru <sup>2</sup>e-mail: shekerbekova@mail.ru  
Regional Social Innovation University, Kazakhstan, Shymkent

## **National Aspects in Educational Activity of Zhusupbek Aymautov**

In the history of our state there were a lot of figures who left a deep trace. Among them, one of the worthy ones is Zhusupbek Aymautov. He is a writer, teacher and scientist. Considering Jusupbek's legacy, we believe that his educational activity can not be divided from the political one. Since he as a teacher, all conscious life, shone the formation and development of Kazakh pedagogical science. His life and activities, his name and his labors, although not noticed until yesterday, after independence, this gap was filled with many studies. In this regard, a comprehensive study of Aymautov's life is one of the topical issues in the modern world.

he main purpose of this article is to give a realistic analysis of Zhussupbek pedagogical activity, one of the brightest representatives of the creative intelligentsia in the Soviet era. Since in this area there are still undisclosed sides that require a treacherous approach. In spite of this, we can not say that all aspects of the creativity of a prominent figure have already been revealed. In the process of achieving the goal, the historical method was given priority. In addition, using comparative, inductive and analytical methods for assessing the pedagogical activity of Zh. Aymautov, the author of the research formulated a general historical-personal method.

**Key words:** Zhusupbek Aymautov, teacher, writer, scientist, politician, nation, education, Soviet intelligentsia, socio-political activity, spiritual faith, creativity, Turkestan region.

Абдурахманов Н.А.<sup>1</sup>, Shekerbekova K.M.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>e-mail: nurmuhameda@mail.ru <sup>2</sup>e-mail: shekerbekova@mail.ru

Региональный социальный инновационный университет, Казахстан, г. Шымкент

### Национальные аспекты образовательной деятельности Жусупбека Аймаутова

В истории нашего государства было очень много деятелей, которые оставили глубокий след. Среди них один из достойных – Жусупбек Аймаутов. Он писатель, педагог и ученый. Рассматривая наследие Жусупбека, мы считаем, что его образовательную деятельность нельзя разделять от политической. Так как он как педагог, всю сознательную жизнь посветил становлению и развитию казахской педагогической науке. Его жизнь и деятельность, имя и труды хотя и остались незамеченным до вчерашнего дня, то после независимости этот пробел был заполнен многими исследованиями. В связи с этим, всестороннее изучение жизни Аймаутова является одним из актуальных вопросов в современном мире.

Основная цель этой статьи – дать реалистичный анализ педагогической деятельности Жусупбека, одного из ярких представителей творческой интеллигенции в советское время. Так как в этой области имеются еще не раскрытые стороны, которые требуют трепетного подхода. Не смотря на это мы не можем сказать, что все аспекты творчества видного деятеля уже раскрыты. В процессе достижения цели исторический метод получил приоритет. Кроме того, используя сравнительные, индукционные и аналитические методы оценки педагогической деятельности Ж. Аймаутова, в формулировке исследования автор обратился к общему историко-личностному методу.

**Ключевые слова:** Жусупбек Аймаутов, педагог, писатель, ученый, политический деятель, нация, образование, советская интеллигенция, общественно-политическая деятельность, духовная вера, творчество, Туркестанская область.

### Кіріспе

Қоғамдағы болып жатқан жаһандық өзгерістер білім беру жүйесінде де жаңаша көзқарас, тың бағыттарды талап етуде. Қазіргі таңда Қазақ елі жаһандық қауымдастықтың дамыған елдері қатарына ену ұлы мақсаттарын алдына қойып отырған – қарқынды дамушы ел. Елдің әл-ауқаты, экономикалық жағдайы күн өткен сайын жақсаруда. Дегенмен біз өмір сүріп отырған ортамызда және біздің ортақ жер шарымыздағы дағдарысты жағдай кез келген саналы жанды толғандыратыны сөзсіз.

Қазақстанда қолға алынып жатқан бетбұрыстыр халқымыздың рухани өрлеуі, болашақ ұрпақтың адами қасиеттерінің дамуына бағытталуда. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында да: «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық» – делінген (Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014). Сондықтан түтіні түзу, ертеңіне сенімді ұрпағы бар бақытты, зайырлы қоғам

орнатуда рухани-адамгершілік білім беру өте өзекті мәселе болып табылады. Болашақ ұрпақты жоғары руханиятқа жетелейтін, адамгершілік қасиеттерін жарқыратып, жандандыратын ілім, Өзін-өзі тану рухани-адамгершілік білім бағдарламасының заманауи білім беру жүйесіне енуі – бұл заман талабы.

Талай жылдар әділетсіздікпен көзі ашылмай жатқан сол бастауларымыздың тазартылып, Қазір халықтың рухани жаңаруына, Жанымыздың тазаруына қызмет етіп жатқаны сүйіндереді. Сол бастауларымыздың бірі – Жүсіпбек Аймауытов.

Ұзақ жылдар бойы жазықсыз жапа шеккен, қазақ руханиятының көрнекті қайраткерлерінің бірі Ж. Аймауытов – жазушылығымен қоса, қазақ топырағында тұңғыш педагогика, психология, көркемөнер ғылымдарының саласында қалам тартып, құнды-құнды ғылыми зерттеу еңбектерін жазумен, бірнеше оқулықтар мен оқу құралдарының авторы болуымен дараланған тұлға.

Ж. Аймауытов өзінің тәлім-тәрбие саласындағы бағыт бағдарын 1918 жылы ақпан айында Семей қаласында шыққан әдеби және ғылыми – қоғамдық «Абай» атты журналдың бас мақаласынан аңғартады. Онда Аймауытов: «... қазақ сахарасында мыңмен жалғыз алысып, жапа шеккен ағартушы Абайдың көздеген мақсаты халқын өнер-білімге, оқуға, отырықшылыққа,

мәдениетті ел дәрежесіне жеткізу еді», – деп жазады. Ол Абай ұстанған гуманистік жолды өзінің тыныс-тіршілігінің өмірлік арқауы етіп алады. Осы журналдың 1918 жылғы 1,2-сандарында жарияланған Ж. Аймауытовтың «Тәрбие» атты көлемді мақаласында тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері ғылыми тұрғыда терең баяндалған.

Адамның Жоғары Рухани Әлемінің ашылмауына, Ж. Аймауытов Тәрбиенің дұрыс болмауын себепкер етеді. Ж. Аймауытов: «Адам мінезінің, ақыл-қайратының әртүрлі болуы тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан... адам баласының ұрлық істеу, өтірік айту, кісі тонау, өлтіру сықылды бұзақылықтарды жасауы, тәрбиенің жетіспегендігінен», – дейді (Аймауытов, 2013). Ол тәрбиенің екі түрлі болатынын жан тәрбиесі және дене тәрбиесі болып бөлінетіндігін көрсетеді.

Қарастырылып отырған мәселе бойынша толыққанды зерттеулер салыстырмалы түрде өте аз. Осыған орай тауқыметті тағдыр кешкен аса талантты қаламгердің бай мұрасын әр жылдары С. Қирабаев, өнертанушы Б. Құндақбаев, әдебиетші-ғалымдар мен жазушылар – Б. Байғалиев, Д. Досжанов, Қ. Мұхамеджанов, Д. Қамзабекұлы, А. Тасымбеков т.б. біршама зерттесе, ал Р. Досжанова «Ж. Аймауытов прозасындағы лексика-синтаксистік қайталаулар», Д. Құсайынов «Ж. Аймауытовтың қоғамдық – саяси көзқарастары» тақырыптарында кандидаттық диссертацияларын сәтті қорғады.

### Зерттеу әдістері

Тәуелсіз Қазақстан тарихшылары өз халқының тарихын ешкімге жалтақтамай ана тілінде жазуға мүмкіндік алды. Қазақ тілінде PhD докторлық диссертациялар дайындалып, қорғалуға және монографиялық зерттеу жұмыстарды дүниеге келді. Ұлттық тарихты зерттеу өзара байланыста және үнемі қозғалыста болатын құрауыштардың басын біріктіретін өте күрделі процесс. Педагогикалық бағыттағы ағартушылардың сүбелі еңбегі оның мазмұны, білім беру және оны игеруге басшылық жасау, оқушылардың оқу әрекеті- оқыту нәтижесі деген тізбекті құрайды. Зерттеу барысында қозғалыс оның ішкі қайшылықтарын жою барысында іске асады және осы бағытта салыстырмалы әдістер кеңінен пайдаланылды. Ғалым ағартушының ерең еңбектерін игеру процесінің диалектикалығы сияқты әдістемені оқып-үйрену де үнемі даму үстінде болады. Зерттеуде қоғам алдында тұрған жас ұрпақты тәрбиелеудің кешінді міндеттерін іске асыруға

қызмет жасайды. Автордың еңбектері мен бірге философия, әлеуметтану, мәдениеттану, педагогика, психология, дидактика талаптары логика сияқты ғылым салаларымен тығыз байланыстыра зерттеу жұмысы жүргізілді. Бұл салалардың материалдарын пайдалану шығармашылық сипат алады, өйткені әдістеме пәні оларды тарихты оқыту процесін жетілдіру мақсатында пайдаланады.

### Ұлы Ұстаздың өмірі мен педагогикалық қызметінің қалыптасуы

Ұлт жұмысын арымен атқарған Жүсіпбек алғашында ауыл молдасынан ескіше хат танып, 1908-1910 жылдары бай балаларын оқытқан. Кейіннен Семейдегі мұғалімдер семинариясын тәмамдаған соң да оқытушылық қызметінен қол үзбейді, жазушылыққа да ден қоя бастайды. Семинарияда Қ. Сәтпаевпен, М. Әуезовпен рухани байланыс орнатып, 1920 жылы оқу-ағарту халық комиссары А. Байтұрсыновтың шақыртуымен Орынборға жол тартады. Осы кезеңде оның «Алаш» газетінде «Қазақтың өзгеше мінездері» (1917, 30 наурыз, №16), «Сарыарқа» газетінде «Тұр, бұқара! Жиыл, кедей! Ұмтыл, жастар!» (1917, 19 маусым), «Абай» журналында «Байлық – кедейлік» (1918, №1) мақалалары жарық көреді.

Бұл кезең біздіңше болашақ педагог-ғалымның ұстаздық шеберлігінің толысуына септесіп, ұлттық-әлеуметтік мәселелерге де айрықша мән беріп, әсіресе, мектеп ісі, тәрбие ісі, өнерпаздық қабілет жайындағы түйгендерінің бертінде оқулықтар мен оқу бағдарламаларын түзуде көп әсерін тигізген жемісті кезең болды.

Мәселен, Жүсіпбек «Тұр, бұқара! Жиыл, кедей! Ұмтыл, жастар!» мақаласында: «Қай ел болсын жігіттері, кедейлері жоқ емес, бірақ олар әлі оянған жоқ. Елдегі атқамінерлер былай тұрсын, ақсақалдар басқа бата қылып отыра тұрсын. Кеудесіне жын орнағандай партия орнаған сыңар езу, көбік ауыздар күжілдей түссін. Енді жас бозбала, азаматтар, жаман тымақ кедейлер, мұғалім, учительдер, етікші, ағашшы, кәсіпшілер, әсіресе кеше фронтқа барып, ысылып қайтқан жігіттер, сіздер неғып жатырсыздар? Жиырмасыншы ғасырдың жастары, жаңа заманның адамдары барсыңдар ма? Қайдасыңдар?»

Мұндай заманда атқа мініп, іс қылмағанда, қайда істейсіңдер? Бар болсаңдар істейтін істерің мынау: мұғалім, учитель, болмаса жоба білетін жігіттер басшы болып, қара бұқараның басын

қосып, «Бұқараның ұйымы» деген ұйым жасау керек. Бастаушы болса, қостаушы табылады. Қорқатын, қорғалатын заман емес, ұйым жасауға Құдайдың пәлесі болмаса, адамның пәлесі түк қылмайды» (Аймауытов, 1917), – деп жастарды еңбекші елге қорған болуға, қараңғы халыққа қалтқысыз қызмет етуге шақырады.

Сондай-ақ Жүсіпбек ел болып еңсе тіктеудің, ұлт болып ұйысудың да алғышарттарының ең алдымен ұлттық сананы, ұлттық идеяны қалыптастырудан басталатынын сол кезеңнің өзінде-ақ қапысыз ұғып, қоғам дамуына кесірін тигізетін халық бойындағы теріс мінездерді де санамалап көрсетіп береді.

«Қазақтың тұрмысы өзгерді. Киіз үйде қыстап, суыққа шынығып, қуатты, қайратты, денелі өсетін қазақ, тазалығы жоқ, аласа жер үйге кіріп, аурулы, нашар болып, мыжғырланып, еңсесі көтерілмей өсетін қалыпқа түсті. Осы себепті адамның өсімі де кеміді.

... жауыздық, залымдық, қара бұлттай қоршап, халықты астаң-кестең қылып, өзді-өздімен атыстырып, көзді шел қаптады. Күннен-күнге өршіген қалың сасық тұманнан шыға алмай, адасып келіп-келіп түсіп отырған халіміз, міне – осы күнгі» (Аймауытов, 1999: 117-118), – дей келе ұрлық, зорлық, қорлық, өтірік, өсек, алдау, қулық, сұмдық, айдату, байлату, кісі өлу – рақымсыздық, жалған мақтан, ынсапсыздық, настық, жалқаулық сияқты халқымыздың болмысына мүлде жат мінездердің белең алып бара жатқандығына да алаңдаушылық білдіреді. Бұрынғы билердің жұрнағы да қалмағандығын жұқалап жеткізіп, жаужүрек батырлардың ұрпағының ауыл-үйдің малын ұрлаудан аса алмай тым ұсақталып кеткеніне де қамығады.

«Осындай ортада өскен бала да жамандыққа салынып, жіті оқыған дарында да көпке шейін таты кетпейтін көрінеді. Мысалы: «Ұлтым», – деп оқып шыққандар халық арасына келсе, қарая бастайды.

Сайып келгенде, қазақта қалып тұрған өзгеше мінездер: тілі айтқанды қолы қылмайтын – тұрақсыздық, ұйымсыздық, басынан аспайтын – өзімшілдік, ездік.

Халықтың өзіне айтып, мінезін түзеу қолымыздан келмейді», – деп бар үмітін оқығандарға, зиялыларға артады. Сондай-ақ ол кейінгі толқынды нағандықтан алыстатуды, адамшылық жарығына шығару міндетін де қазақ оқығандарының мойнына жүктейді. Қажымайталмай сол жолда елді бірлікке бастайды деп сенеді. Бұл тұрғыдан алғанда Жүсіпбектің ел

қамына елеңдеген, ертеңді ойлаған есті сөзі ұлы Абайдың байламдарымен ұштасып жатыр деуге болатындай.

Бұл жерде жазушының Абай қарасөздерінің мән-маңызына тереңінен бойлағаны, Абай мұрасын мейлінше зерделегені анық байқалады. Жалпы Жүсіпбек Хакім Абайдың ұлт мінезі хақындағы өрелі ойларын өзінше дамытып қана қоймай, ақын мұрасы туралы да біршама құнды еңбектер қалдырған. Зерттеуші ғалымдар Абайтану саласындағы тұңғыш өмірбаяндық шығармашылық зерттеу мақала санатына жатқызып жүрген оның «Абай журналының 1918 жылғы №2 санының 1-3 беттерінде «Екеу» деген бүркеншік атпен жарияланған (Ж. Аймауытов, М. Әуезов).

«Абайдың өнері һәм қызметі», осы мақаланың заңды жалғасы іспетті «Екеудің» осы басылымның №5 санында жарық көрген «Абайдан соңғы ақындар» еңбегі де қаламгер қуатын көрсететін құнды дүниелер екені күмәнсіз.

Ал 1922-1923 жылдары Жүсіпбек Қарқаралы мектептерінде ұстаздық қызметін одан әрі жалғастырып, үлгілі мұғалім ретінде көпке танылды. 1924 жылы Ташкентке келіп, қазақ ағарту институтында дәріс береді.

«Шолпан» журналының 1923 жылғы 30 маусымдағы №6-7-8 сандарындағы Ғабдолла Байтасовтың «Ташкенттегі қазақ-қырғыз институты туралы» мақаласы жарияланып, онда автор былай дейді: «... Түркістан республикасындағы қазақ-қырғыздың қолымен санап көрсеткендей аз ғана санамалы оқыған азаматтары бас қосып, Ташкент қаласында 1918 жылы 12 ноябрьде қазақ-қырғыз оқытушыларының институтын ашты.

Институттың құрылуына күрделі күш жұмсап, негіз салған Қ. Қожықов, Х. Болғанбаев, С. Қожанов, И. Тоқтыбаев, С. Асфендияров һәм Өтегенов азаматтар болды. Қазақ-қырғыз институты алғашқы кезде институт аты аталмай, 4 жылдық мұғалімдер даярлайтын төмен дәрежелі оқу жұрты ғана болып ашылды. Себебі, алғашқы кезде оқытушылар жеткілікті болмады. Үй жағынан да, күй жағынан да институттың алғашқы уақытта халі нашар болды. Кішкене біраз күш жиып, нығайып алған соң, институт бұрынғы қалпынан үлкейіп, зорая бастады. Алғашқы төмен дәрежелі халінен орта дәрежелі оқытушылар даярлайтын дәрежеге жетті. Қазақ-қырғыз институты деп аталды.

... Қазіргі күнде қазақ-қырғыз институтында қазақ оқытушылары Х. Мұхамметов, К. Жаленов, З. Жаленова һәм басқалар».

Осы қатарда Ташкенттегі қазақ зиялылары шоғырының бел ортасында Жүсіпбектің де болғаны анық. Ол өзінің қысқа ғана ғибратты ғұмырында қал-хадерінше ағартушылық жұмыс жүргізіп, жаңалықтың жаршысы бола білді. Халқының жарқын болашаққа қол жеткізуі үшін аянбай күресті. Солай бола тұра тоталитарлық кезеңде Жүсіпбек еңбектері жұртқа жетпеді. Дегенмен 1988 жылы 4 қарашада Жоғарғы соттың шешімінен кейін 28 желтоқсан күні «Социалистік Қазақстан» газетінде «М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы» комиссияның қорытындысы жарияланысымен, Алаштың үш арысы толық ақталды, шынайы шығармалары да оқырман қолына тиді. Біздіңше Жүсіпбектің Ташкенттегі Қазақ ағарту институтындағы жылдары оның шығармашылық толысу кезеңі, өсу кезеңі болды.

### **Ж. Аймауытовтың ұлттық педагогикалық саланы дамытудағы қызметі**

Ал оның ағартушылығы, ұлтжандылығы әр мақаласынан-ақ менмұндалап тұрады. Қараңыз. «Еңбекші қазақ» газетіндегі «Жазу таңбаларымызды азайту туралы жоба» мақаласында ол А. Байтұрсынов таңбаларының өміршендік тапқанына еш күмән келтірмеумен бірге, 24 қаріптен тұратын әліпбиіміздің хат жазуға келгенде сөз басы, сөз аяғы, сөз соңында қолданылуымен 100 таңбаға жуықтайтынын айтып, өзі ұсынған жобасында 58 таңбаны алып тастауды ұсынады. Осылайша ол 42 таңбаның бала оқыту үдерісінде мейлінше тиімді болатынын, әрі Ахмет әріптерін жас буынның тез түсінуіне, тез қабылдауына да өте қолайлы жағдай туатынын дәлелдеп бақса, «Ана тілін қалай оқыту керек?» атты еңбегінде: «Бүгінде Америка әдісі, жиынды (комплекті) әдісі, тәжірибелі (лабораториялы) әдісі, құлшынды-белсенді (активнодвигательный) әдісі ... Тағы сондайлар майданға шығып сөз болып жатыр. Бәрінікі – білім берудің төте жолын табу. Бізде көп әдістер түгіл жөнді бір де әдіс жоқ деуге болады. Елдегі шала мұғалімдерде қандай әдіс бар? Айтыңызшы! Рас, тіпті жұрдай емеспіз: «Әліпте жоқ, би астында бір ноқат» та өз әлінше әдіс боп келді. Ел мұғалімдерінің бала оқыту әдісі де соның ағайыны емей не дейсіз?

Тап осы қалыпта басқалардың қолданып жатқан көп әдісінің бірін ала қоюға ыңғайымыз келетін емес. Оқытушымыз, аспабымыз – бәрі шалағай. Және көп әдістер біз түгіл, өзге өнерлі елде де жүйеленіп жетпей жатыр» (Аймауытов,

1925), – деп тіл оқытудың өзін жазу-сызу (емле) үйрету, сөйлеуге, шығарма жазуға төселдіру, тіл бақылау (грамматика), әдебиет жайынан кеңес құру деп жіліктеп бөліп береді де, осылардың ең қиыны – жазу үйрету болуға тиіс деген байламға тоқтайды. Сонымен қатар осы мақаласында ағартушы «Мектепте қысқа әңгімелер қалай оқытылуы керек?», «Оқытылатын әңгіме қандай болу керек?», «Шығарма жазылды. Оны қалай түзету керек?» деген түйткілді сұрақтарға жауап іздейді. Өз көзқарасын да батыл білдіріп, оқу кітаптарын жазуды тек педагогтерге ғана тапсыруды құптап, сөз таба алмайтын шәлдірік адамдардың, оқыту жолын білмейтіндердің кітабы ұғымды болмайды деген ұнасымды пікір білдіреді. Біздіңше қаламгердің бұл ескірмеген пікірі бүгінгі күнде де өз өзектілігін жоя қойған жоқ.

Ал «Пән сөздері қалай табылады?» деген мақаласында ол тіліміздің бүлінуіне, оның жат сөздермен шұбарлануына да алаңдаушылық білдіріп: «... Қазақ тілінде кітап көбейген сайын, пән сөздері де молайып келеді. Тәуір, ұғымсыз-қолайсыз сөздер де көп, қолданып жүрген сөздер де көп. Сонымен жұрттың бірсыпырасы пән сөздеріне жарымай жүр. Бұл әңгіме былтыр білімпаздар кеңесінде де сөз болып еді» (Аймауытов, 1999: 2011-2014), – дей келе пән сөздерін табуда біріншіден тілдің өсіп-өркендеуі де табиғи жол болуы керектігін, екіншіден жаңадан жасалған сөздер күшпен тіл бола алмайтынын, үшіншіден мектептердің пән сөздерін кеңседе жасау дұрыс еместігін, төртіншіден бұл күнде білім кеңсесі пән тілдерін жасап отырса, кітап жазушылардың нашарлығынан, пән мамандары жоқтығынан еріксіз жасап отырғандығын алға тарта келе мұның ойланатын мәселе екендігін айтып, кім көрінгенге кітапты заказға беруден тыйылуға шақырады. Сонымен бірге ол кітапты өзі тіленіп жазушылар көбеймей, кітап жөнді болып шықпайтындығын да алға тартып, бұл абыройлы міндетті педагогтар жүзеге асыруы керек деген тоқтамға келеді. Ал қолайсыз алынған, көптің көңілінен шықпаған қолайсыз сөздер туралы мерзімді басылым беттерінде сын жазып, жоба ұсынудың да берері аз болмайтындығын есімізге салуды ұмыт қалдырмайды.

Осы жылдары педагогика, психология салаларына сүбелі үлес қосқан ағартушы қоғамдық-саяси қызметінде де алдыңғы қатардан көрініп, 1921-1922 жылдары аштарға жәрдем беру ісіне де белсене араласады. Дегенмен ақ жүрекші Алаш арысына аштарға жиналған мал-мүлікті өз пайдасына жаратты деген жалған жала жа-

былып, аз уақыт соттың да сергелдеңін басынан өткізеді.

Жүсіпбектің жанына жара салған бұл сот үш күнге созылыпты. Бұл жайдан толық хабардар белгілі ғалым Б. Кенжебаев кейіннен «Лениншіл жас» газетінде: «... Үшінші күні Жүсіпбек соңғы сөзін сөйледі. Оны түгел жазып алған екен, мәнерлеп оқып шықты. Залда отырған көпшілік өте риза болды. Соңғы сөзін Жүсіпбек түгелдей қазақ халқының әдет заңының негізіне құраған еді. Асылы былай болды: «Қазақ ежелден қарыз беріп, қарыз алады. Сонда ол бірінен-бірі еш уақытта қолхат алмайды, ешбір протокол жасамайды, бәрін ауызша, сөзбен жүргізеді. Бұл әбден әдет болып кеткен. Аштарға жәрдем үлестіргенде менің бойымда да, ойымда да осы заң күшті болды. Аштарға не берсем де ешқайсысынан қолхат алмадым. Хат білмейтін, аштан көзі қарайып, өлейін деп отырған адамнан қолхат алуды қолайсыз көрдім» дегенді айтты. Осылай Жүсіпбек ақталып шықты» (Қожакеев, 1992: 42), – дейді. Біздіңше Жүсіпбектің жоғарыда айтылған қазақтың өзгеше мінездері турасындағы сыни мақаласының жазылуына да осындай келеңсіз жайттар себеп болған сияқты. Өйткені ел ішіне сіңген көптеген кесірлі көріністерді, жат қылықтар мен жаман психологияны өз басынан өткерген педагог-ағартушы бұл зиянды әрекеттерден өскелең ұрпақты арашалап алу үшін оның ел тұрмысындағы орын алу себептеріне де мейлінше тоқталып, тарқата түсіндіріп, көкейкесті мақалаларын жиі-жиі жариялап отырған.

Мұнан бөлек «Азық – түлік жайы» («Сарыарқа» 15 қаңтар, 1917), «Партия» («Сарыарқа» 25 қаңтар, 1917), «Ел газетке не жазады?» («Еңбекшіл қазақ» 7 қаңтар, 1924), «Отырықшылықтың зияны жоқ» («Ақ жол» 21 сәуір, 1925), «Қазақ қызы» («Ақ жол» 23 сәуір, 1925), «Бұл әдеттен арылу керек» («Еңбекшіл қазақ» №405, 1925) мақалаларында да қаламгер қоғам тынысындағы түйткілді мәселелерді тап басып танып, оның оң шешілуіне ұдайы үн қосып отырады. Әсіресе «Пара алу тоқтала ма?» атты шағын мақаласында: «Губернияда, одан жоғарғы орындарда пара алушылар болмауға мүмкін. Өйткені ондағы қызметкерлер әлеумет қызметі деген пікірге түсінген, қылмыс істесе, жаза барын сезеді, көреді. Сондықтан аса бір ізін білдірмейтін қулар болмаса, параны кесегімен талғаусыз алатындар кем болады.

Ал, басқыштан төмен қарай түсіп, уезге, елге жақындай бастасаңыз параның иісі аңқып қоя береді. Уездік қызметкерлердің кейбірінде пара

алатын әдет қалмай жүр. Ол неліктен?» (Аймауытов, 1924), – деп мәселені төтесінен қойып, бұл қоғамдық дерттің кең жайылуының түп-төркінін нақты мысалдармен дәлелдей келе, оның жуық арада тоқтала қоятынына да күмәнмен қарайды.

Айталық оның: «Уезд қызметкерлерінің көбі жергілікті елдің адамдары. Өз еліне, құда-тамырына, жақынына тартпайтын, ру намысынан арылған уездік қызметкерді кем көресің. Іс басындағы азамат қай елдікі болса, сол ел уез ішіндегі «Құдайдың сүйікті құлы». Қызметке кісі керек болса, ол іс басындағы азамат әуелі өз жақынын, өз тұқымын кіргізеді. Мектепке бала кіргізсе, әуелі өз елінің балаларын орналастырады. Мұғалімді өз тілеулестерінен сайлайды. Өзге елдің адамы болса, оны қақпай қылып, шығарып тастайды. Кей жерде сайлауға кісі шығарса, исполкомды түсірсе, өз жағының сойылын соғатын кісіні жібереді. Сонымен уездік қызметкерлердің бірталайы елдің, рудың әсерінен құтыла алмайды. Елдегі жақындарының құралы, шоқпары болады.

Ел ішінде жүріп келген кісі жақсы білсе керек, уездегі кейбір азаматтар ел үлесін бөліп алып жүреді. Анау менікі, анау онікі деп отырады. Қазағы түгіл орыс қызметкерлерін де бөліп алады» (Аймауытов, 1924), – деп параны тоқтатудың еш дауасын таба алмағандығын таусыла жеткізіп, тапқан кісі болса газетке жазуын өтінеді. Осылайша Жүсіпбек осы шағын мақаласының өзінде-ақ ел болу үшін әдет-дағдының естісін қалдырып, есерінен арылудың жолын іздеу керектігін қаперге салады. Ал шынтуайтында Жүсіпбекті жабырқатқан бұл індеттің әлі де өзекті күйінде қалып отырғаны, әлі де мақаланың өз мәнін жоғалтпағандығы көзіқарақты оқырманға мәлім деп білеміз. Демек, ағартушы қаламынан туған бұл орнықты ойлар терең талдауды қажет етеді. Біле білсек, бұлай ашығынан ақтарыла жазу – екінші бірінің қолынан келе бермейтін ерлік. Қалай десе те Жүсіпбек өзінің саналы ғұмырында жас буынның шын қамқоршысы болған, олардың оқып, жетілуін жан-жүрегімен қалаған азамат. Мұны ол құрғақ сөзбен ғана емес, нақты іспен де талай рет дәлелдеген. Сонау 1919 жылдан бермен қарай халық ағарту қызметінде, жастарды тәрбиелеу жолында көп еңбек сіңірген қаламгер тұңғыш рет оқу орындарындағы жастар арасындағы саяси-ағарту үйірмелерінің ережесін түзіп, оны «Жас қазақ» журналына (1924) басып та шығарған.

Жастарды жаңалықтың жаршысы болуға үндеген Жүсіпбектің бұл жанкешті еңбегі қоғам

назарынан да тыс қалмай, «Лениншіл жас» журналы 1925 жылғы 7 санында оның портретін беріп, өз оқырмандарына былайша таныстырды:

«Аймауытов Жүсіпбек. Ақын. Журналымыздың ескі достарының бірі. Қазақтың белгілі сарыншыл, сыршыл, сыншыл жазушыларынан. Ана жылы журналымызда әдебиет жарысы болғанда бәйге алып шыққан осы Жүсіпбек жолдас болатын. Жүсіпбек жолдас журналымызға өткір қаламы, жеңіл тілімен әдеби көмегін көп тигізді. Осы көпті келер күндерде де күтеміз. Қазірде Орынбордағы Қазақстан атқару комитеті атындағы әскери қызметкерлер дайындайтын мектепте мұғалімдік етеді» (Лениншіл жас, 1925).

Байқап отырсаңыз, бұл пікір жарияланғалы сан жылдар өтсе де, Алаш қайраткерлерінің ақталғанына бүгінгі еркін заманда 30 жылға жуықтаса да, Жүсіпбектің тұлғасы күн өткен сайын еңселенуде, сырын ішіне бүккен бар болмысы да ашыла түсуде.

Мәселен, Жүсіпбек «Газет тілі қалай түзеледі?» атты мақаласында орысшадан орашалақ аударылған сөздердің көбеюі нәтижесінде оқыса да түк ұға алмаған, «Ой, газетінді қойшы, сөзін адам ұқпайды» дейтін оқырманның қарасының шамадан тыс артуы газетті гүлдендірмейтінін, оның көсегесін ешқашан көгертпейтінін қадап айтса, «Театр кітаптарын қалай көбейтеміз?», «Асыл қазына жиналса екен» еңбектерінде де елжандылығын көрсетіп, «Жаңа мектеп туралы» мақаласында балаларға хат таныту әдістеріне, нақтырақ айтқанда, оқу және сөйлей білу, жазу және жазуға жаттықтыру, қатасыз жазуға үйрету мәселелеріне кеңірек тоқталады. Ал «Мектеп қандай болуы керек?» атты еңбегінде ол елдегі білім ордаларының сол кезеңдегі жай-күйіне шама-шарқынша талдау жасай отырып, бұл өзекті мәселеге қатысты өз ұстанымын былайша жеткізеді: «...Бұрынғы гимназия, семинария, реальной школдарды бітірген балалар, орташа есеппен 11 жыл оқитын. Кесімді оқу жылын, оқу күнін босқа өткізбей, қадағалап, шу дегеннен орысша оқытқанның өзінде орта дәрежелі білім алуға 11 жыл керек екен. 11 жылдың 4 жылын түрлі техникумдар немесе солар секілді орта дәрежелі мектептерде алады десек, қалған 7 жылында бала ел мектептерінен оқу керек болады. Елде жеті жыл оқыған бала бұрынғы 2 класты, жоғарғы бастауыш немесе қала мектебін бітірген балалардай болып білім алып шыға алар ма? Шыға алмайды. Себебі: оқытушыларымыз шалағай, салақ, оқу аспаптарымыз сай емес,

оқитын уақыты аз... Бұл кемшіліктер аз жылда жетіле алмайды. Сондықтан елде 7 жыл оқудың орнына 8-9 жыл оқыса да көптік қылмас еді. Бірақ оны тұрмысы, мектеп жағдайы көтермейді» (Аймауытов, 1999), – деумен бірге осы мәселеге қатысты бастауыш ауыл мектебі 4 жыл, одан соңғы болыстық мектеп те соған сай 4 жылдан аспасын деген «Таң» журналындағы, бастауыш мектептің 3 жыл, одан кейінгілерінің 4-5 жыл оқытылуын құптаған «Ақ жол» басылымындағы жарияланымды, бастауыш 2 жыл, одан соңғысы 5 жыл болсын немесе бастауышта бір жыл ғана білім беріліп, болыстық 3 жыл, аудандық 4 жыл болсын деген ұсыныс-жобалардың бар-баршасын талғам таразысынан, мейлінше ой сүзгісінен өткізе келе ауа райы мен табиғаты әр алуан елімізде бір үлгіде мектеп пішіп беруге болмайтынын ескертеді. Оған қоса ол оқу комиссариатының статистикалық мәліметтеріне сүйене отырып, елдегі сол кезеңдегі білім ошақтарының 49 пайызы бір жылдық, 31 пайызы 2 жылдық, 15 пайызы 3 жылдық оқытумен шектеліп, ал өзі қолай көріп отырған 4 жылдық білім беру үрдісіне бар болғаны 5 пайыз ғана тиіп отырған шақта, ел оқытушыларының 40 пайызы ғана арнаулы білімді атанып, қалған 60 пайызды 2-3 ай тәрбие курстарын бітіргендер құрап отырғанда бұл жана жүйемен білім беруге көшудің ауылының алыс екендігін де лажсыздан мойындайды. Сонымен бірге Алаш ағартушысы өзі тілге тиек етіп отырған сәттегі 1827 оқытушының 1000-нан астамының тіпті тәрбие курстарында да өз білімдерін жетілдірмегендерін қынжыла жеткізіп, 1600 мектепке, оған жаңадан қосылған ауылдық, болыстық мектептерге қажетті сапалы мамандарды қолда бар техникумдар мен институттардың алдағы 5-10 жылдың ішінде толығымен қамтамасыз ететініне де күмәнмен қарайды. Техникум, институт бітіргендердің жалпы саны жылына 150-200-ден аспай тұрғанда 4 жылдық білім беруге көшудің еш мүмкін болмайтындығын, асығыстықпен көшкен күннің өзінде де шалағай мұғалімдердің 4 жылдық мектепті алып жүре алмайтынын ашық айтады, өз ойын бүкпесіз білдіреді. Оған қоса бастауыш білім ауыл мектептерінде 3 жыл, болыстық мектептерде 4 жыл беріліп, бала техникум тәрізді орта дәрежелі мекемелерде 4 жыл оқыса, бұл саладағы жағдайдың басыбүтін түзеліп кетпесе де, анау айтқандай тым нашар болмайтынын тұспалдап ұқтырған Жүсіпбек ауылдық мектептерде оқу ана тілінде жүруі керектігін, қазақ тілі мен әдебиетінің, төл тарихының орта дәрежелі

мектеп бітіргенше үзбей оқытылуын ешкімнен қаймықпай-ақ батыл талап етеді.

Ал «Комплекспен оқыту жолдары» атты көлемді оқу-әдістемелік еңбегінде автор бұл ұмтылысының жалпы қазақ мұғалімдеріне пайдасы тиетініне үміт артып, бұл жүйеде оқытудың тиімді тұстарына да айрықша мән береді. Өзі мұғалімдерге, қайталама курстарға, тәбие техникумдарына көмек деп санаған осынау оқулықтың бәзбіреулердің Шымкент, Сырдария алабының, ары кеткенде Түркістан төңірегін мектептеріне арналған аймақтық мән-маңызға ие еңбек деп қосынғандарына қарамастан, оның Кеңестік Қазақстанның барша ұстаздары үшін пайдасы аса зор көмекші құрал міндетін атқарғандығы дау тудырмайды деп білеміз.

Өйткені Жүсіпбек осынау еңбегінде төңкерістен бұрынғы ескі оқыту бағдарламасының артықшылықтары мен кемшіліктерін әбден елеп-екшеп, жаңа программаның басты үш тірегі – жаратылыс, қоғам һәм еңбек болуы керек деген қорытынды жасайды. Ағартушы «Программның бір мінезі – марксшылдық» деп саясат ауанына жығылған сыңай танытқанымен, ол онда оқудың түпқазығы – еңбек екендігін атап көрсетіп, бұл жаңа заманауи оқыту үлгісінің, яғни бағдарламаның еліміздің жер жағдайына қарай өзгеріп отыратындығын да ізденіс үстіндегі талапкер ұстаздардың қаперіне салады. Сондай-ақ ол «Түркістан жағындағы мектептерге лайықталған тақырыптар» бөлімінде «Комплекс тақырыбы қандай болуы керек?», «Тақырып неше күндік болғаны жөн?» т.с.с. педагог үшін маңызы бөлек көптеген түйткілді сауалдарға жауап іздеумен бірге, әсіресе бастауыш мектептердің бірінші класына арналған жұмыс жоспары мен оның жасалу жолына, сабақ үлгілеріне толығырақ тоқталады.

Ашығын айтқанда, Ж.Аймауытұлының ағартушылық қызметі, оқыту һәм тәлім-тәрбие ісіндегі тың ізденістері бүгінгі таңда да арнайы сөз етуді, зерттеу нысаны ретінде қарастыруды қажет етеді, ал еңбектеріндегі оқытудың жаңа амал-тәсілдерін де бүгінгі күнге лайықтап екшеп пайдаланып, білім жүйесінде, сабақ барысында басшылыққа алуға әбден болады деген ойдамыз.

Былайша айтқанда, 1920 жылы Қазақстан Кеңестерінің Құрылтай съезіне делегат ретінде қатынасып, 1921 жылы Семей губерниялық оқу бөлімін басқарған, «Қазақ тілі» газетінің редакторы, кейіннен, 1924-1926 жылдары аралығында «Ақ жол» газетінде бөлім басшы-

сы болған, Ташкенттегі қазақ институтында, өнегелі өмірінің соңғы жылдарында Шымкент педагогикалық техникумында оқытушы, директор міндеттерін атқарған айтулы тұлғаның өмір жолы мен ағартушылық-қайраткерлік қызметіне де, әсіресе осы салаға тың серпін әкелген «Тәрбиеге жетекші» (Орынбор, 1924), «Психология» (Қызылорда-Ташкент, 1926), «Жан жүйесі мен өнер таңдау» (Мәскеу, 1926), «Жаңа ауыл» (Қызылорда, 1929) т.б. еңбектеріне бүгінгі күн талабымен қарап, лайықты оң баға беру аса маңызды болмақ. Қалай дегенде де Орынбор, Ташкент, Шымкент қалаларындағы ағартушылық қызметтерінде соңында өшпес белгі, артында мол рухани мұра қалдырған Жүсіпбек турасындағы естеліктер мен сүбелі ғылыми еңбектер жазу үдерісі тоқтамуға тиіс.

Ал мұрағат деректеріне сүйенсек, Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатынан табылған Казинпросс оқытушысының жеке іс парағында 33 жастағы Ж. Аймауытұлының партия қатарында жоқтығы, Ташкентке бүкіл отбасымен – жұбайы Бағара, жиені Маруа, перзенттері Бектұр мен Жанәкпен бірге қоныс аударғандығы жазылса (ӨРОММ), белгілі ғалым Тұрсын Жұртбай өз еңбектерінің бірінде талайлы тарихымызда «әйгілі он үштің ісі» деген атпен қалған 1930 жылдың 4 сәуіріндегі КСРО Халық комиссарлары кеңесі жанындағы ОГПУ коллегиясының шешімінің мәтінін жариялапты. Қараңыз:

«– Байтұрсынов Ахмет, Дулатов Мерякуб, Испалов Мырза-Ғазы, Әділов Дінмұхамед, Аймауытов Жүсіпбек, Болғанбаев Хайротдин, Бірімжанов Ғазімбек, Ғаббасов Халел, Юсупов Ахмет Сапа.

– 1921 жылы Орынбор қаласында контрреволюциялық ұйым құрып, Орта Азиядағы пантюркистік ұйымның бастығы Валидовпен байланыс жасағаны үшін;

– Далаға барып қарулы көтеріліс ұйымдастыру туралы жиналыс өткізгені және далаға сіңіп кетуге дайындалғаны үшін;

– 1927 жылы ВКП (б) Қазақ өлкелік комитетінің секретары Голощекинге қастандық әрекет жасауға тырысқаны үшін;

– Юсупов А.С. ОГПУ-дың құпия тыңшысы бола тұра Бірімжановтың Валидовке кеткенін хабарламағаны үшін;

– РСФСР қылмысты істер Кодексінің 58-бабының 2, 4, 8, 11, 13-тармақтары бойынша ату жазасына кесілді» (Жұртбай, 1989).



## Қорытынды

Осы жазықсыз жазаға ұшыраған тоталитаризм құрбандарының бірсыпырасының ісі қайта қаралып, жазалары концентрациялық лагерьге алмастырылады. Ал Ж. Аймауытұлына келер болсақ, жазушы Әлжаппар Әбішев ашына жазғандай, Шымкент қаласында ұстаздық етіп жүрген оны ұлтшыл деп қаралап, үстінен ОГПУ-ге арыз түсірген де өзінің бір шәкірті болып шыққандығын бүгінде мұрағат құжаттары растап отыр. Осылайша қарымды қаламгер, ардақты

ұстаз Ж. Аймауытов 1930 жылдың 21 сәуірінде Мәскеудегі «Бутырка» түрмесінде атылады.

Дегенмен «Менің ұстаздарым көп. Солардың бірі – Жүсекең... Өмірден өз орнымды табуға көмектесіп, дұрыс бағыт сілтеген ол кісіге мәңгі қарыздармын...» деп батыр Бауыржан Момышұлының өзі ашық мойындаған Аймауытұлындай арысымызды ардақтау, бүгінгі жас буынға үлгі ету – басты борышымыз деп білеміз. Өйткені ерім дейтін елі барда зерделі сөз зергерінің жасампаз жұртымен мәңгі бірге жасай беретіні айқын.

## Әдебиеттер

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар, BNews.kz «www.bnews.kz» /

Аймауытов Ж. (2013), Шығармалары. 6 т. шығармалар жинағы. Т.4. Психология, жан жүйесі мен өнер таңдау / Жүсіпбек Аймауытов; ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. Алматы: Ел-шежіре.

Аймауытов Ж. (1917). Тұр, бұқара! Жиыл, кедей! Ұмтыл, жастар! // Сарыарқа, №2,

Аймауытов Ж. (1924). Пара алу тоқтала ма? // Ақ жол. 22 қараша.

Аймауытов Ж. (1999). Қазақтың өзгеше мінездері. Шығармалар жинағы. Алматы.

Аймауытов Ж. (1999). Мектеп қандай болуы керек? // Шығармалар жинағы. Алматы.

Аймауытов Ж. (1925). Ана тілін қалай оқыту керек? // Жаңа мектеп, №2

Аймауытов Ж. (1999). Пән сөздері қалай табылады? Шығармалар жинағы. Алматы.- 1999.

Жұртбай Т. (1989). Шырмалған шындық немесе бір тергеудің тарихы. Өркен, 17 маусым

Қожакеев Т. (1992). Көк сеңгірлер, Алматы, 1992.

Лениншіл жас (1925) №7.

ӨРОММ 372-қор, 1-тізбе, 48-іс, 156-п.

## Referens

Qazaqstan Respublikasynyn Prezidenti N.A. Nazarbayevtin Qazaqstan Halkyna Zholdaui. 2014 Zhylygy 17 Qantar, BNews.kz «www.bnews.kz» [Address of the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev to the people of Kazakhstan]. January 17, 2014

Aymautov Zh. (2013). Shygarmalary. 6 T. Ahygarmalar Zhinagy. T.4. Psiqologia, Zhan Zhuyesi men Oner Tandau / Zhusipbek Aymautov; QR Madeniyet zhane Aqparat Ministriligi, M.O. Adebiyet zhane Oner Instituty. [Works. 6 t. collection of works. T.4. Psychology, psychology, and choice of art] Almaty: Er-Shezhire

Aymautov Zh. (1917). Tur Buqara! Zhiyil, Kedey! Umytl, Zhastar!, [Stand up, people! Alas, poor man! Go, young people!]. Saryarqa, №2

Aymautov Zh. (1924). Para Alu Toqtala Ma?, [Does dealing with a bribe?]. Aq Zhol. 22 Qarasha.

Aymautov Zh. (1999), Qazaqtyn Ozgeshe Minezderi. Shygarmalar Zhinagi. [haracteristics of the Kazakh people. Collections of works]. Almaty

Aymautov Zh. (1999). Mektep Qanday Bolu Kerek? Shygarmalar Zhinagi. [What should be the school? // Collection of works]. Almaty

Aymautov Zh. (1925). Ana Tilin Qalay Oqytu Kerek? [How to Teach Your Mother Language]. Zhana Mektep, №2

Aymautov Zh., (1999). Pan Sozderi Qalay Tabylyady? Shygarmalar Zhinagi. [How are the words? Collections of works]. Almaty

Zhurtbay T. (1989). **Shigarylman Shindyq Nemese Bir Tergeudin Tarihi.** [The story of the trick or the story of one investigation]. Orken, 17 Mausym

Qozhakeev T. (1992). Kok Sengirler [Blue splashes]. Almaty, 1992.

Leninshil Zhas, (1925) №7.

ОРОММ (Central State Archives of the Republic of Uzbekistan), 372-қор, 1-тізбе, 48-іс, 156-п.